

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Қараша айы 2023 жыл 2 апта
№2 «Алақай» ортаңғы тобы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 06.11.2023ж	Сейсенбі 07.11.2023ж	Сәрсенбі 08.11.2023ж	Бейсенбі 09.11.2023ж	Жұма 10.11.2023ж
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл күймен, қуыршақпен қарсы алу	Балаларды көтеріңкі көңіл күймен, денсаулығын тексеріп қарсы алу	Баланы алақан соғу арқылы қарсы алу	Балақай сені бүгін көңілді күн күтіп тұр деп топқа кіргізу	Қызыл жүрекшемен қарсы алу
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу.	Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау	Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау	Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстайтынын жайлы әңгімелесу	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Музыка тыңдау шаттану Шығармашылық дағдылар	Фотосуреттер қарастыру «Дәрумендер» Әлеуметтік дағдылар	Құрлымдалған ойын: Дәл сондай пішінді тап. Танымдық дағдылар	Саусақ ойыны «Сәбіз». Танымдық дағдылар	Үстел үсті ойыны – пазл: «Дұрыс тамақтан» Әлеуметтік дағдылар
Танертенгі жаттығу	Қараша айына арналған танертенгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Екі затты өлшемі бойынша(ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем) салыстыру. Математика негіздері	Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы(ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту Сөйлеуді дамыту	Қазақ ою-өрнектерінің карапайым элементтерін қайталап салуға баулу Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу Сурет салу	Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеуді(ыдыстар, ойыншықтар) үйрету Мүсіндеу	Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасауды, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыруды үйрету. Жапсыру

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: Шеңбер бойымен тапсырмаларды орындай отырып жүру; әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен жүгіру; еденге қойылған тақтай бойымен еңбектеу; Бірінің артынан бірі сапка тұру Қимылды ойын: Ақ доп, қызыл доп	Музыка Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге, шығарманы соңына дейін тыңдауға үйренеді. Ән айту: Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, бірге ән айтады. Әнді бірге бастап, бірге аяқтайды	Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: шеңбер бойымен тапсырмаларды орындай отырып жүру, арқан бойымен жүру; әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен жүгіру; 15-20 сантиметр биіктіктен секіру; Бірінің артынан бірі сапка тұру Қимылды ойын: Өз түсінді тап.	Қазақ тілі Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту жаттығуларын жасату	Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: тура жолмен жүру; шеңбер бойымен жүгіру; еденге қойылған арқанның доғаның астымен (биіктігі 40 сантиметр) еңбектеу; бір-бірінің жанына сапка тұру Қимылды ойын: Поезд
	Видео материал көру Денсаулық дегеніміз не? «тазалық деген не?» сұрағына балалардың жауап беруін жетілдіру. Ересектердің сөзін тыңдау және түсінуін жетілдіру (сөйлеуді дамыту) салынған тазалық құралдары, сүлгі, тарақ, тіс щеткасының түстерін дұрыс тандап бояу. (Сурет салу) Құрылыс заттарынан жуынатын бөлме құрастыру (Құрастыру)	Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну. «Кірқоймас» мультфильмін тамашалау. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)	«Менің бөлмем» тақырыбында әңгімелесу. Үйде қандай тазалық жұмыстарын жасайды. Сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдануды үйрету (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Фланелеграф тақтасына үйдің тазалығына қолданатын заттарды тауып жапсырту. (Жапсыру)	Денсаулыққа пайдалы дәрумендерді қайдан алуға болады? Ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруді дамыту. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Дәруменге бай көкөністердің суретін таңдау бойынша салдырту (Сурет салу)	Тапсырмалары бар қораптарды көрсету. Ойнап көреміз бе? Дес «артығын тап» айдарында тапсырмаларды орындату. Тазалық құралдары жеке басқа, үйге арналған суреттері арқылы жеке жұмыстарды орындату. (математика негіздері) дәстүрден тыс сурет салу негізінде (саусақтарымен және алақандарымен, түрлі- түсті бояулармен) танбалап салу дағдыларын қалыптастыру. Еркін тақырыпта шығармашылық жұмыс жасату (Сурет салу)
Серуенге дайындық	Кініу: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен	Бақылау: «Өзге топ балаларының іс – әрекеті» Максаты: Балалардың назарын өзге топ балаларының іс – әрекетіне	Бақылау: «Қоңыр күзді бақылау, салыстыру» Максаты: Қоңыр күзгі табиғатты бақылау, алғашқы күзбен	Балалармен жеке жұмыс: «Күзгі жапырақтар» туралы оқу (Қ. Шарғытбаев) Алтын, сары, қызыл, көк Алуан- алуан жапырақ	Ауа райын бақылау. Ата аналар алып келген мысық пен күшікті тамашалау. Ерекшеліктері туралы айтып, сипаттау. Екі жануарды салыстыру.	Аулада өсетін жидектерді бақылау. Жидек ағаштарын тану. Олар туралы не білетіндерін достарына айтып беру

	аудартып, балалардың қалай ойнайтындарын, өздерін қалай ұстайтындарын бақылау арқылы балаларды қырағылыққа, үлгі алуға баулу. Еңбек: Ауладағы ағаштардың сынығын, жапырақтарды жинау. Балалармен жеке жұмыс: Жұмбақ жасыру: Ағайынды бес құрдас Бірдей болып еш тұрмас (Саусак) Есігі – біреу Бөлмесі бесеу (Қолғап) Адамның сәні Онсыз жоқ мәні (Киім) Танертең тұрдым Екі жолды қудым (Шалбар) Қимылды ойындар: «Жай жүгіріп өт», «Аюлар мен аралар» Мақсаты: Ойын ережесін бұзбай ойнауға үйрету. Балаларды икемділікке баулу. Ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс – әрекеттері.	салыстыру, ерекшеліктерін сұрау, қоңыр күзде күннің суық болатынын, жапырақтар түсіп бітік тек қоңыр түсті болатынын айту. Ағаштар жапырақтарынан ажырап, жапырақтардың да күз айларында түстерін өзгертіп тұратынын айтып түсіндіру. Еңбек: Құмсалғыштағы құмды күрекшелермен көтеру. Балалармен жеке жұмыс: Күз мезгіліне байланысты көркем сөз жаттату. «Күз» Қара бұлт қабағын түйеді Бұталар боз қырау жиеді, Осы ма, осы ма, күз деген Бақшаға баратын бізбенен Қимылды ойындар: «Үрпек төбет», «Жасырынбақ» Мақсаты: Шапшаңдыққа баулу. Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс – әрекеттері.	Күзгі бақта күлмдеп, Көз тартады атырап. Еңбек: Учаскедегі күзгі жапырақтарды бір жерге жинау. Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс – әрекеттері. Қимылды ойындар: «Жапырақ жинау» Бақылау: Күзгі ағаштардың жапырақтарының түстерін бақылау. Мақсаты: Күзгі жапырақтар туралы әңгімелер айту, олардың түстерін айтқызу.	Бөбекжай ауласындағы өсімдіктер мен ағаштардағы өзгерістерді бақылау, жапырақтарды жинауға көмектесу. Аула сыпырушысының бегін бағалау дағдысын дамыту Қимылды ойын «Мысық пен тышқан»	Жидектерге қарап олардың бейнесін таяқпен құмда сызып салу «Қонжық» тақпағын жаттату Қорбаң, қорбаң етеді, Тәттіні жақсы көреді. Қазір де ол бұлдірген Іздеп жүрме, кім білген? Қимылды ойын «Аюлар мен аралар»
Серуеннен оралу	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Түскі ас	Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиымын жерге тастамауға үйрету. (мәдени-гигиеналық)				

	дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, көзекшілердің еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Сабынмен қолдарын сабындап, киімдерін суламай жуыну. Өзінің жеке сүлгісін тани білуді үйрету. Сүлгіні дұрыс қолдануды дамыту, орнына іліп қоюын қалыптастыру. Тамақтану кезінде орындықта тік отыру. Астың дәмді болуын тілеу. Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану, нан қиқымын шашпай, сорпамен сусынын төкпей ішуді үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Топтағы тарақтарды ұзындығы мен ені бойынша салыстыру. «Артығын тап» дидактикалық ойынын ойнату. (математика негіздері) Сабынның мүсінін жасату. (Мүсіндеу) Жуынатын бөлме суретіне сүлгі сабын тіс шеткесін, таракты жапсыртуды пысықтау. (Жапсыру)	Балаларды қалауы бойынша орталықтарға бөлу. Қалауы бойынша геометриялық пішіндер арқылы құстардың суреттерін салдырту, тұзды камырды пайдаланып құс мүсінін жасату. Фланелеграф тактасына әр түрлі пішіндерден құстарды жапсырту. (Сурет салу) (Мүсіндеу) (Жапсыру)	Әр түрлі құрылыс заттарын пайдаланып, балалардың қалауы бойынша әр түрлі құрылымдар жасауды үйрету (Құрастыру) Тазалық құралдарының суретін салып, ермексазdan мүсінін жасату. (Сурет салу) (Мүсіндеу)	Құлпынай мен қарақатты және т.б. жидектерді салыстыру. Үлкен кіші сөздерін пайдалануды пысықтау. Бөліп себеттерге салғызу. «Артығын тап» дидактикалық ойыны. Карточкалардан бірдей жидектен артық жидекті тапқызу. (математика негіздері) Қарапайым біріктіру білігін жетілдірумен жидектерді мүсіндету, жапсырту (Мүсіндеу) (Жапсыру)	Суреттер бойынша әңгімелеу, байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту. Жаттаған тақпақтарын еске түсіріп айту. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Табиғат бұрышына мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру. (Қоршаған ортамен таныстыру) Ермексазdan апта бойы жасаған жұмыстың ішінен ұнағанын жасату немесе тақтаға жапсырту дағдысын жетілдіру. (Мүсіндеу) (Жапсыру)
Балалармен жеке жұмыс	Азизаға. Отбасы мүшелері туралы әңгімелеуге, оларға өзінің қарым-қатынасын білдіруге үйрету	Нұрисламға. Таныс ағаштарды, бөлме өсімдіктерін, көкөністер мен жемістердің 3-4 түрін, үй жануарларын және жабайы жануарларды, құстарды	Айналымға. Көлік құралдарын атауға үйрету; -табиғат бұрышының тіршілік иелеріне қамқорлық танытуға үйрету	Малика ойыншықтарға, кітаптарға, ыдыстарға ұқыпты қарайды	Айым табиғат бұрышындағы өсімдіктер мен жануарларға күтім жасаудың қарапайым дағдыларын меңгерген

		жәндіктерді тануға және атауға үйрету.			
Серуенге дайындық	Киіну: киім кино ережесін сақтауға үйрету,серуенге арналған құралдарды дайындау,өзіне-өзі қызмет ету дағдылары				
Серуен	Балаларға қалауы бойынша аулаға ойыншықтарды алып, шығуына мүмкіндік беру. Еркін ойындар Қ/о:Қоян мен қасқыр	Құрастыру ойыншықтарынан қарапайым құрылыстар құрстырғызу. (құрастыру) Қ/о: Тырналар-тырналар	Ауладағы тазалықты сақтау ережелерімен таныстыруды жалғастыру. Қ/о: Тышқандар мен мысық	Көңілді музыкамен би қимылдарын жасауды жетілдіру. (музыка) Доппен ойындар. Қ/о: «Күміс алу»	Қандай көкөніс пен жеместерді білетінін сұрау. Қ/о: «Не жедің, тауып айт»
Серуеннен оралу	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Кешкі ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті	«Баланы суықтап қалудан сақтан-дыру» кеңес беру.	Мозайкамен жемістер құрастыру.	«Баланызды бақшаға мезгілге орай қалай киіндіру керек» әңгіме.	Балалармен логикалық ойындар ойнау.	«Бала демалысын ұйымдастыру» Еркін ойындар
Балалардың үйге қайтуы	Бала тілінің дамуы жайлы әңгіме	Балаға ұялы телефонды көп ұстатпау туралы әңгіме	Бала десаулығы мен тазалығы жайлы әңгіме	Баланың эмоционалды көңіл күйі жайлы әңгіме	Баланың қандай дағдыларды меңгере алмай жатқаны туралы әңгімелесу

«Тексерілді:»

«№15 Әлия бөбекжайы»

МКҚК-ның әдіскері:

У.Г.Нурмұханметова

«03» «11» 2023 | 2024